

"Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 4 ақпандығы № 38 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 181 бүйрығы

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын көрсетілетін қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 4 ақпандығы № 38 бүйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26752 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекеттік монополия субъектісі жүзеге асыратын қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесінде:

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"

7.	<p>Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарына арналған вариативтік курстардың оқу бағдарламаларын, тәрбие және мектептен тыс жұмыс бағдарламаларын сараптамалық талдауды үйымдастыру.</p> <p>".</p>
----	---

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электронды түрде жіберуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министри*

*F. Бейсембаев*

"КЕЛІСІЛДГ"

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК